

"Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін "РР Қазақстан сауда және қаржыландыру" Қазақстан-Австрия бірлескен кәсіпорнының басқаруына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 мамыр N 637

"Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамын қаржылық-экономикалық сауықтыру, шетел инвестицияларын тарту, қорғасын және оған қосылатын түсті, асыл және сирек металдар өндірісін дамытуды тұрақтандыру, аккумуляторлық стартерлік батареялар өндіру өндірісін озық дүниежүзілік технологиялар деңгейіне ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін (31 процент) "РР Қазақстан - сауда және қаржыландыру" бірлескен кәсіпорнының басқаруына беру туралы конкурс комиссиясының хаттамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін басқару құқығына кейіннен 1996 жылдың қыркүйегіне дейін сатып алуға контракт жасасын. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына аталған контрактіге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қою өкілеттігі берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамының акцияларын басқару туралы контракті шарттарының орындалуына бақылау жасау жөніндегі өкілі болып тағайындалсын және оған осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдар қызметін үйлестіру жүктелсін.

4. "Шымкент қорғаныс зауыты" акционерлік қоғамының тұрақты және үйлестірілген жұмысын, қаржылық сауықтыру мен банкроттықты болдырмауды қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар-мемлекеттік заңды тұлғаларға қарыздарын қайтару мерзімі қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес, кейіннен берешектерді кестеге сәйкес тендей үлеспен екі жыл ішінде, өсімдер мен айыппұлдарды тоқтата отырып, ал "Алауғаз" акционерлік қоғамы бойынша заңда белгіленген тәртіппен қайтара отырып, 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзартылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік "РР Қазақстан - сауда және Лтд қаржыландыру" Қазақстан - Австрия бірлескен кәсіпорнымен бірлесіп осы аудит негізінде "Шымкент қорғаныс зауыты" акционерлік қоғамының мемлекеттік емес меншік нысанындағы кәсіпорындар алдындағы қалған

кредиторлық берешектерін қайтаруға заңда белгіленген тәртіппен шаралар қабылдансын. <*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы жаңа 4-тармақпен толықтырылды, 4-тармақ 5-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1996.10.04. N 1233 P961233_ қаулысымен.

5. "Жекешелендіру кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакеттерінің бір бөлігін қор биржасында сату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1154 қаулысының 1-қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 29, 347-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

Жарғылық қордың 10 проценті мөлшеріндегі акциялардың мемлекеттік пакеті Орта Азиялық қор биржасында сатылуға жататын акционерлік қоғам болып қайта құрылған кәсіпорындардың тізбесінен, рет нөмірі 3-ші "Шымкент қорғасын зауыты" АҚ алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі